

«НАРТАЙЛАҚ» БӨБЕКЖАЙ – БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ



«Нартайлақ» бобекжай – бақшасынын

менеджершісі: А. Н. Сулейменова

Бес білім беру дағдысы бойынша «Құлыншақ» ересек тобына арналған ұйымдастырылған іс – әрекетінің

перспективалық жоспары

(кантар айы)

Бекітуге ұсынамын:

«Нартайлак» бөбекжай – бакшасынын

әдіскері: Г. Қ. Тастан

Жаңақоныс ауылдық округі

2024 – 2025 ОҚУ ЖЫЛЫ

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Қаңтар	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: сапта бір-бірден жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен тепе-теңдік сақтау; шеңбер бойымен жүгіру; алға қарай еңбектеу; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру; 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) лақтыру; шеңберге тұру; Ырғақтық жаттығулар: таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру; бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру; тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру; Спорттық жаттығулар: шанамен сырғанау; төбешіктен сырғанау, бір-бірін сырғанату; Қимылды ойындар: ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу; Дербес қимыл белсенділігі: балаларды қимылды ойындарға қатысуға тарту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру: тістерді тазалаудың пайдасын ұғындыру; Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: ластанған кезде қолды жууға үйрету; Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: киімдерді ілу, ересектердің көмегімен оларды тазалау; Сауықтыру-шынықтыру шаралары: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю;	Заттарды қашықтыққа лақтырады, гимнастикалық скамейканың бойымен тепе-теңдікті сақтап, жүреді; шынықтыру түрлерін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген; тістерді тазалаудың пайдасын; жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын сақтайды;
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу; Сөздік қор: сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: оларды зат есімдермен септіктерде; Байланыстырып сөйлеу: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттер арқылы сөйлеу;	Ақырын, жылдам сөйлейді; адамдардың мамандықтарын білдіретін зат есімдерді, еңбек әрекетін білдіретін етістіктерді біледі;

Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету;	Шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды;
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Сахналық қойылымда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл күйін жеткізуге баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліне тән ү дыбысын жеке,сөз ішінде анық айтуға баулу Сөздік қор Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу Тілдің грамматикалық құрылымы есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу Бір-біріне неге? не үшін? деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға мүмкіндік беру	Сахналық қойылымда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл күйін жеткізеді. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын біледі Бір-біріне неге? не үшін? деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қояды.
Математика негіздері	Жиын: оның әртүрлі өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, Сан, санау: екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету; Шама: жуандығы бойынша заттарды салыстыру, Геометриялық фигуралар: жоғары-төмен; Кеңістікті бағдарлау: заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу ;	Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады; екі затты ұзындығы, ені, және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады;
Сурет салу	Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).	Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді таниды;
Мүсіндеу	Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына қарапайым композициялар құрастырады;

	Жапсыру	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.	Ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді;
	Құрастыру	Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру; Қағаздан құрастыру: қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу; Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру;	Өз бетінше ойдан құрастырады; бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады; табиғи заттардан құрастырады;
	Музыка	Тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, үйрету. музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, үйрету. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.	Тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі; әнді созып, орындайды; қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертеді;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету; Заттық әлем: көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білуі; Еңбекке баулу: топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою; Адамгершілік және патриоттық тәрбие: бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге үйрету; Менің -Отаным Қазақстан: Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу; Жолда жүру ережелері: жаяу жүргіншілерге арналған ережелер;	Жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды біледі; өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтады; жолда жүру ережелерін біледі;

	Өлі табиғат заттары мен заттары: ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, судың қасиеттерін анықтау. Өсімдіктер әлемі: өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), Жануарлар әлемі: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы; Балалардың жалпы қабылдаған мінез-құлық ережелері мен нормалары: ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру;	көлік түрлері мен жол түрлерін атайды; ыдыстарға ұқыпты қарайды; ересектердің әңгімесіне араласпайды;
--	--	--